



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ
ISSN 2788-5283
eISSN 2788-5291
TOM 80 НӨМІРІ 3(2025), 265-276

ӨОЖ 366.5
ҒТАМР 10.27.51
DOI 10.52026/2788-5291_2025_80_3_265
Ғылыми мақала

© А. Амантай^{1*}, А.М. Нұрмағамбетов¹, А.Н. Ахпанов¹, 2025

¹ Astana International University, Астана, Қазақстан
(E-mail: *abdu_kaz@mail.ru; amanzhol_nur@mail.ru; ahpanov_a@mail.ru)

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

Аннотация. Жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын тұтынушылардың сот төрелігіне қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытындағы бұл зерттеу жұмысының басты мақсаты – құқықтық көмекке мұқтаж тұтынушыларға сот әділдігіне қол жеткізу жолдарын жеңілдету және жеделдетудің ғылыми негіздерін айқындау. Зерттеу өзектілігі тұтынушылардың құқықтық ақпараттың тапшылығы мен сот процестерінің күрделілігі салдарынан өз құқықтарын тиімді қорғай алмауымен түсіндіріледі. Мақалада чатботтар, онлайн-консультанттар мен алгоритмдік шешімдер сияқты заманауи ЖИ технологияларын пайдалану мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылады. Талдау нәтижесінде тұтынушылардың сот жүйесіне қолжетімділігін қиындататын негізгі проблемалар (құқықтық сауаттылықтың төмендігі, сот шығындарының қымбаттығы, географиялық алшақтық) анықталды. ЖИ қолданудың артықшылықтары ретінде құқықтық кеңес алудың жылдамдығы мен қолжетімділігінің артуы, шығындардың төмендеуі, адам факторынан тәуелсіз ақпарат ұсыну мүмкіндігі көрсетілді. Сонымен қатар, алгоритмдердегі қателік ықтималдығы, дербес деректердің құпиялығы және ЖИ шешімдеріне шектен тыс сенім секілді шектеулер талқыланады. Қазақстанда іске асырылып жатқан пилоттық жобалар (мысалы, Әділет министрлігінің тәулік бойы жауап беретін заңгерлік чатботын әзірлеуі және IPрав мобильдік қосымшасындағы «Айтеке» виртуалды кеңесшісі) және шетелдік озық тәжірибелер (тұтынушыларға ұсақ талап-арыздар бойынша онлайн көмектесетін чатботтар) сарапталды. Зерттеу әдіснамасы ретінде ұлттық және халықаралық тәжірибені салыстырмалы талдау, сарапшылармен сұхбат және статистикалық мәліметтерге шолу қолданылды. Алынған нәтижелер негізінде ЖИ технологияларын құқықтық қызметтер жүйесіне интеграциялау тұтынушылар үшін сот төрелігіне қолжетімділікті едәуір кеңейтетіні айқындалды. Алайда, тиімді іске асыру үшін технологиялық инфрақұрылымды жетілдіру, құқықтық реттеуді күшейту және адам бақылауын қамтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстар берілді. Қорытындысында, ЖИ құралдарын дәстүрлі құқықтық көмек жүйесін толықтырушы элемент ретінде пайдалану халықтың құқық қорғау тетіктеріне тең дәрежеде қол

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: abdu_kaz@mail.ru.

жеткізуін қамтамасыз етуде жоғары әлеуетке ие екені атап өтіледі.

Түйінді сөздер: жасанды интеллект, сот төрелігі, қол жетімділік, тұтынушы құқықтары, цифрлық технологиялар, құқықтық қызметтер, инновациялар, әділ сот, құқық бұзу.

Кіріспе

Жасанды интеллект (ЖИ) қазіргі уақытта тұтынушылардың күнделікті өмірінде тауарлар, қызметтер және ақпаратпен өзара әрекеттесуді түбегейлі өзгертетін маңызды технологиялық қатынасқа айналды, тіптен электрондық коммерция, қаржы, денсаулық сақтау және мемлекеттік қызметтер сияқты салаларда тұтынушылардың өмірін жеңілдетіп, тиімділікті арттыруда. Интернет-дүкендердегі маркетингілік ұсыныстардан бастап, денсаулық сақтау және көлік саласындағы автоматтандырылған жүйелерге дейін ЖИ қатынас алмасудың жылдамдығы пен тиімділігін арттыруда теңдессіз мүмкіндіктер ұсынады. Алайда, ЖИ-дың кеңінен қолданылуы тұтынушылардың құқықтарын қорғауға, соның ішінде деректердің құпиялылығына, жеке алгоритмдердің ашықтығына және кемсітушілікті болдырмауға, бопсалауға, алдап кетуге байланысты күрделі мәселелерді туындатып отырғаны анық.

Елімізде «Цифрлы Қазақстан» (бұл атаумен бағдарлама дамуы өзгерді) сияқты мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуымен цифрландыру қарқынды дамып келеді, сондықтан ЖИ-ды құқықтық реттеу мәселелері және тұтынушылардың ЖИ көмегі арқылы сот төрелігіне қолжетімділігі ерекше маңызды болып отыр. Зерттеуіміз тұтынушылардың ЖИ қолдануын талдауға, қолданыстағы құқықтық базаны бағалауға, тұтынушылар құқығын қорғау үшін сот төрелігіне қолжетімділік және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге бағытталған.

ЖИ-ні еліміздің сот жүйесіне енгізу аса сақтықпен жүзеге асырылуы тиіс, бұл процесте құқықтық қауіпсіздік, этика және заң үстемдігі қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, ЖИ судьяның

орнын ауыстыруға емес, оның жұмысын тиімді етуге бағытталуы тиіс деп ой топшылайтын қазақстандық ғалымдардың пікірімен толық келісуге болады [1, с. 77].

Жасанды интеллекті сот төрелігі жүйесін түбегейлі өзгертіп, заң қызметтерінің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді деген ойымыз дәлелді болу үшін басқа мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенуге ұмтыламыз. Көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда, тұтынушылар заң көмегіне жүгінгенде кедергілерге тап болады: заңгерлер қызметінің жоғары құны, сот рәсімдерінің күрделілігі, халықтың құқықтық сауаттылығының төмендігі және шалғай өңірлерде сот төрелігіне қол жетімділіктің шектеулілігі (бұл туралы арнайы жүргізілген сауалнама нәтижесі бар). ЖИ құралдары, мысалы, чат-боттар, құқықтық құжаттарды талдау платформалары және автоматтандырылған кеңес беру жүйелері, осы кедергілерді жоюға көмектеседі, заң көмегін қолжетімді, жылдам және үнемді етеді деп сенімді түрде айта аламыз. Әрине түрлі кедергі мәселелердің болуы заңдылық, бірақ соған қарамастан заманауи технология жетістіктерін қолдану еліміздің қарыштап дамуына зор үлесін қосар еді.

ЖИ-дың құқық саласында қолданылуы зор әлеуетке ие. Мысалы, АҚШ-тағы DoNotPay¹ немесе Modria² сияқты ЖИ платформалары тұтынушыларға шағымдар дайындауға, айыппұлдардың дұрыс не бұрыстығын анықтай алуға және адвокатсыз кеңес алуға мүмкіндік береді, бұл дәстүрлі заң қызметтерімен салыстырғанда шығындарды 60–80%-ға азайтады³ екен.

Мемлекетімізде eGov және Smart Court платформалары мемлекеттік және сот қызметтерін жеңілдету үшін

¹ FTC Finalizes Order with DoNotPay That Prohibits Deceptive 'AI Lawyer' Claims, Imposes Monetary Relief, and Requires Notice to Past Subscribers // URL: https://www.ftc.gov/news-events/news/press-releases/2025/02/ftc-finalizes-order-donotpay-prohibits-deceptive-ai-lawyer-claims-imposes-monetary-relief-requires?utm_source=chatgpt.com (date of reference: 02.06.2025).

² About Modria. Modria is an online dispute resolution platform for eCommerce // URL: <https://www.cbinsights.com/company/modria> (date of reference: 02.06.2025).

³ Anatolii Z. Will the Internet and artificial intelligence relieve clogged Russian courts? // URL: https://www.intellectpro.ru/en/press/works/onlayn_al_ternativy_razresheniya_sporov/ (date of reference: 25.05.2025)

ЖИ элементтерін пайдаланады. Алайда, ЖИ-ды құқық саласында реттейтін арнайы заңнаманың болмауы және халықтың ақпараттандырылуының төмен деңгейі, жеке деректерді қауіпсіздіктен сақтай алмау осы технологиялардың ауқымын шектейді.

Халықаралық деңгейде басқа елдердің тәжірибесіне қарап отырсақ, ЖИ-ды сот төрелігіне қатыстыстыру, реттеу, қолдану әлі қалыптасып жатыр деуге болады. Оның себебі кейбір елдер қауіпсіздіктен (адамға зияны туралы) қорықақтап отыр. Мәселен, Rodrigues R. ЖИ-нің әсерін «осалдық» деген тұжырымдама шығарып, яғни ЖИ технологиялары әсіресе осал топтарға (мысалы, мүгедектер, аз ұлт өкілдері, балалар) қалай әсер ететінін қарастырады және ЖИ – ден келетін зиян әрекеттеріне нақты жауаптыны нақтылауды сөз етеді [2, р. 1]. Бұл тәсіл арқылы ЖИ-дің адам құқықтарына әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ал, кейбір елдерде іс жүзінде жүзеге асыруға әлеуеті мен кәсіби деңгейі жетпей жатыр деуге болады. Бұған қатысты Н. Surden-нің пікірін келтіре кетсек, оның ойынша GPT4 тәрізді ірі тілдік модельдерді құқықтық зерттеу, құжат дайындау және талдауда қолданылу мүмкіндіктерін шешуде «ойдан шығарған ақпарат» жүйелі қателіктері және «prompt sensitivity» жағдайлары – тәуекелдерге бару үшін кәсіби мамандардың қызметіне жүгіну маңызды екенін тілге тиек еткен [3, р. 376]. Еуропалық Одақ AI Act әзірлеуде, ол ЖИ жүйелерін тәуекел деңгейіне қарай жіктейді және олардың ашықтығы мен қауіпсіздігіне талаптар қояды.⁴ БҰҰБҒМҰ-ның ЖИ этикасы бойынша ұсынымдары (2021 ж.) адам құқықтарын сақтау және алгоритмдердің ашықтығын қамтамасыз ету қажеттілігін атап өтеді⁵. Бұл құжаттар жаһандық стандарттарды белгілейді, оларды Қазақстанға бейімдеуге болады деген ойдамыз.

Тақырыпты зерттеудің мақсаты – ЖИ құралдарын қолдану тұтынушылардың құқығын қорғау негізі

ретінде сот төрелігіне қол жетімділікті қамтамасыз етудегі рөлін талдау, халықаралық және Қазақстан тәжірибесін зерттеу, мәселелерді анықтай отырып, практикалық ұсыныстар әзірлеу. Тақырыптың өзектілігі тұтынушылар құқықтарына қатысты даулардың көптігімен, сот төрелігін цифрландыру жағдайымен, сондай-ақ, біліктілік санатына қарай «жоғары», «орта» және «осал» топтар үшін кедергілерді азайту қажеттілігімен байланысты.

Материалдар және әдістер

Тақырыптың өзектілігіне сай зерттеу мақсаттарына жету үшін сапалы және сандық талдау әдістерін қамтитын кешенді тәсіл қолданылды.

Жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сот төрелігі жүйесіндегі қолданысына байланысты отандық және шетелдік зерттеулерді іздеу мен талдауды зерделейтін бірқатар ғылыми әдістер мен тәсілдермен жұмыс жасауға мүмкіндік берді.

Әдебиетке шолу негізінде тұтынушылардың ЖИ қолдану және оны құқықтық реттеуге қатысты ғылыми мақалалар, нормативтік құжаттарға жүйелі талдау жүргізілді.

Жасанды интеллект ұғымының құқықтық табиғатын, оның тұтынушылармен өзара әрекеттесуіндегі рөлін және тұтынушылардың сот төрелігіне қолжетімділігіне әсерін зерттеу үшін ғылыми танымның әмбебап әдістері қолданылды.

Атап айтсақ, салыстырмалы – құқықтық талдау, бірақатар мемлекеттердегі деректерді қорғау, алгоритмдердің ашықтығы және ЖИ қолдану шешімдеріндегі жауапкершілікке қатысты құқықтық базалар талданды. Электрондық коммерция, денсаулық сақтау және қаржылық қызметтерде ЖИ қолдануға байланысты кейстер зерттелді.

Статистикалық және формальды заңдық талдау әдісімен шетелдік

⁴ Regulation (eu) 2024/1689 of the european parliament and of the council of 13 June 20247. laying down harmonised rules on artificial intelligence and amending Regulations (EC) No 300/2008, (EU) No 167/2013, (EU) No 168/2013, (EU) 2018/858, (EU) 2018/1139 and (EU) 2019/2144 and Directives 2014/90/EU, (EU) 2016/797 and (EU) 2020/1828 (Artificial Intelligence Act) // URL: <https://eur-lex.europa.eu/eli/reg/2024/1689/oj> (date of reference: 25.05.2025)

⁵ Recommendation on the Ethics of Artificial Intelligence // URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000380455> (date of reference: 25.05.2025)

және қазақстандағы ЖИ қолдану бойынша қатынастар, нормативтік база қарастырылып, қолданыстағы заңнамалар бағаланып, ЖИ және оның тұтынушылардың құқықтарын қорғауға әсеріне қатысты реттеу тетіктері зерделенді.

Кейс-стади тәсілімен Қазақстандағы ЖИ қолданудың нақты мысалдары, электрондық коммерция платформалары және мемлекеттік цифрлық сервистері қарастырылды. Олардың тұтынушыларға әсері және құқықтарды қорғау талаптарына сәйкестігі бағаланды.

Сауалнама әдістері тұтынушылардың ЖИ қолдану кезіндегі құқықтары туралы хабардарлығы және технологияларға деген сенім деңгейі және сот төрелігіне қолжетімділігіне қатысты бағалау үшін оффлайн-онлайн-сауалнама (n=200) ұйымдастырылды.

Зерттеу қатысушылардың деректерінің құпиялылығы және әдіснаманың ашықтығы сияқты этикалық принциптерді сақтай отырып жүргізілді.

Бұл әдістер зерттеліп отырған тақырыптың теориялық және практикалық аспектілерін жан-жақты ашуға мүмкіндік берді.

Талқылау және нәтиже

Еліміздегі жасанды интеллектіні (ЖИ-әрі қарай) реттейтін арнайы заңнама 2025 жылғы мәліметтер бойынша әлі толық қалыптаспаған, тек ұсынылған заң жобалары бар. Дегенмен, қазіргі уақытта ЖИ-ге қатысты болмаса да бұдан ертеректе қабылданған заңдар бар, мәселен, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы»⁶ заңның 3-бабында ақпарат алу және қауіпсіздік құқықтары бекітілген. ЖИ-ға қатысты ережелер қарастырылмаған және кейінгі өзгерту мен толықтыруларда да жоқ. Сондай-ақ, дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғауды реттейтін,

құпиялылық және рұқсатсыз өңдеуге тыйым салу қарастырылған «Дербес деректер және оларды қорғау туралы»⁷ заңды атап өтуге болады. Бұл заңнамда да ЖИ алгоритмдерінің ашықтығына қатысты талаптар көзделмеген.

Ал, Қазақстан Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №269 қаулысы бойынша бекітілген «2023–2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы»⁸ — елдің цифрлық болашағы үшін стратегиялық құжат. Бұл құжат бойынша ЖИ мемлекеттік деңгейде мойындау мен институционализациялаудың нақты қадамы жасалған; ЖИ этикасы, қауіпсіздігі, құқықтық негізі деген маңызды мәселелерді қамтиды; Отандық ЖИ стартаптары мен зерттеулерге жол ашатын нормативтік база болып табылады; Қазақ тіліндегі цифрлық өнімдерге (соның ішінде ЖИ) ерекше назар аударылған. Бірақ нақты қаржыландыру көлемі, мерзімді индикаторлар, инфрақұрылым дайындығы сияқты аспектілер құжатта толық ашылмаған.

«Қазақстан Республикасында жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»⁹ ЖИ-ды қауіпсіз және жауапты пайдалануға бағытталған қолайлы орта құруды көздейді. Сонымен қатар, ЖИ-ды қолдану және деректер жинау кезінде адамдардың келісімінсіз кейбір тәжірибелерді шектеуге бағытталған заң жобасы мен түзетулер әзірленуде.

ЖИ қолдану және оның қызметін қатысты алаңдаушылыққа қатысты статистикалық деректерге сүйенер болсақ,

OECD (2023) мәліметтері бойынша, ЕО елдерінде тұтынушылардың

⁶ Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы. // URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000274_ (жүгінген күні: 24.04.2025).

⁷ Дербес деректер және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы. // URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094> (жүгінген күні: 24.04.2025).

⁸ 2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269> (жүгінген күні: 24.04.2025).

⁹ Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592> (жүгінген күні: 24.04.2025).

68%-ы ЖИ негізіндегі қызметтерді (мысалы, чат-боттар, ұсыныс жүйелері) пайдаланады, бірақ тұтынушылардың 55%-ы деректер қауіпсіздігіне алаңдайды.¹⁰

Қытайда ЖИ қолдану деңгейі жоғары: тұтынушылардың 78%-ы ЖИ-мен өзара әрекеттеседі (мысалы, Alibaba-ның ұсыныс жүйелері) [Statista, 2024].




Диаграмма 1: ЖИ қолдану және қауіпсіздігіне алаңдаушылық (2023-2024)

Халықаралық тәжірибені зерттеп, талдай келе жасанды интеллектіні (ЖИ) реттеудің, және оны қолданудың шетелдерде түрлі модельдерге сүйенетінін анықтап отырмыз. Оларды келесідей жіктеп бөлуге болады: нормативтік-құқықтық реттеу (legal regulation): ЖИ-дың дамуы, енгізілуі және қолданылуын реттейтін заңдар, ережелер және нормативтік актілер жиынтығы деуге болады. Бұл модель ЖИ-дың қоғамға әсерін (мысалы, деректердің құпиялылығы, қауіпсіздік, кемсітушілік, зиян, қателік, әділдік, ашықтық, тең құқылық, авторлық құқықты қорғау, жауапкершілік) бақылауға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Ол міндет жүктеп, құқық береді және заң бұзушылық үшін санкцияларды қамтиды. Дегенмен, кемшілік тұсы жоғары операциялық шығындар қажет етуі мүмкін, инновацияларды шектеуге апарады, еркіндік бермей, қапаста қалуды тудырады, ал ол өз кезегінде тұтынушылардың «заңды айналып өту», пара, сыбайлас жемқорлық

апаратын жолдарды ашатынын ескертеміз. Сондықтан өгізде өлмей, арба да сынбайтындай «ақылды заң» ойлап табу немесе жағдай жасау, тырнақшаның ішінде әрине (бұл туралы кейінгі зерттеулерде ашамыз).

Этикалық басқару (ethical governance): Бұл ЖИ-дың дамуы мен қолданылуын реттеу үшін әділдік (fairness), есептілік (accountability), ашықтық (transparency) және адам

құқықтарын құрметтеу сияқты этикалық қағидаттарға негізделген тәсіл. Көптеген елдерде басшылыққа алынады. Бұл модель заңнамалық міндеттемелерге қарағанда ерікті кодекстерге, нұсқауларға және ұйымдық стандарттарға сүйенеді. ЖИ-дың қоғамға зиян келтірмеуін қамтамасыз ету, этикалық дилеммаларды (мысалы, алгоритмдік кемсітушілік) шешу және қоғамның

технологияға деген сенімін арттыру қатысты. Мұның енді әрине кемшілігі жоқ емес, міндетті санкциялардың болмауы тиімділікті шектеуі мүмкін, кейбір ұйымдар этикалық стандарттарды елемей, тәртіп болмай, тиімділік шарты өзгеруі салдары бар.

Технологиялық инклюзия (technological inclusion) моделі: Бұл модельдің артықшылығы ЖИ технологияларына қолжетімділікті кеңейту және олардың пайдасын қоғамның барлық топтарына, соның ішінде маргиналданған немесе ресурстары шектеулі топтарға (мысалы, ауыл тұрғындары, цифрлық сауаттылығы төмен топтар, зейнеткерлер, балалар, мүмкіндігі шектеулі жандар т.б.) жеткізуге бағытталған тәсіл. Бұл модель цифрлық теңсіздікті (digital divide) азайтуға және ЖИ-дың әлеуметтік-экономикалық теңсіздігін болдырмауға бағытталған, яғни цифрлық сауаттылықты арттыру, инфрақұрылымды дамыту арқылы технологиялық алшақтықты жою. Кемшін тұсы инфрақұрылым мен білім беру үшін үлкен инвестицияларды қажет етеді, сол себептен дамушы елдерде іске асыру қиын болуы мүмкін.

Бұл модельдер бір-бірін толықтырады. Ең тиімді тәсіл осы модельдердің барлығын бірге қолдану,

¹⁰ Artificial intelligence // URL: <https://www.oecd.org/en/topics/policy-issues/artificial-intelligence.html> (date of reference: 26.05.2025)

бірақ ол деген өте күрделі қатынас тудыруы мүмкін. Нормативтік-құқықтық реттеу ЖИ-дың қауіпсіздігі мен ашықтығын қамтамасыз етсе, этикалық басқару оның қоғамдық құндылықтарға сәйкестігін қолдайды. Технологиялық инклюзия ЖИ-дың пайдасы барлық топтарға қолжетімді болуын қамтамасыз етеді, осылайша цифрлық теңсіздікті азайтады деуге саяды. Тәжірибелік зерттеу көрсеткендей ЕО-да нормативтік-құқықтық реттеу басым (GDPR, EU AI Act), Сингапурда этикалық басқаруға баса назар аударылады, ал технологиялық инклюзия дамушы елдерде (мысалы, Қазақстанда) маңызды болып табылады, онда инфрақұрылым және цифрлық сауаттылық шектеулі. Не дегенмен, біздің елде нормативтік реттеуге талпыныс бар.

Қазақстанда нормативтік-құқықтық реттеу әлсіз, этикалық басқару дамымаған, ал технологиялық инклюзия ауылдық аймақтардағы инфрақұрылымдық және білім беру кемшіліктеріне байланысты шектелген. Осы модельдерді біріктіре отырып жұмыс жасау (мысалы, GDPR-ден шабыт алған заңнама, Сингапур стиліндегі этикалық кодекстер және цифрлық сауаттылықты арттыру бағдарламалары) ЖИ-дың тиімді және инклюзивті енгізілуіне ықпал етері сөзсіз.

Енді ЖИ бойынша нақты істеп көргені бар дамыған құқықтық жүйелі елдерді зерделеген соң, солардың нақты тәжірибесіне назар аударайық. Мәселен, ЕО-ның ЖИ-дің реттеуге кешенді тәсілдер қолданатынын көрсетті. GDPR ЖИ-дің автоматтандырылған шешімдерін қоса алғанда, олар дербес деректерді өңдеуге қатаң талаптар қояды және сонымен қоса тұтынушыларға алгоритмдік шешімдерді түсіндіру құқығын береді.

ЕО-ның ЖИ-құқық актісі (2024) ЖИ-ды реттеудің алғашқы кешенді заңы болып отыр және тәуекелген негізделген тәсілді (risk-based regulation) қолданады. Оның негізінде ЖИ жүйелерін төрт санатқа бөледі: тыйым салынған (мысалы, әлеуметтік

скоринг), жоғары тәуекелді (мысалы, биометриялық идентификация), шектеулі тәуекелді (мысалы, чатботтар) және минималды тәуекелді. GDPR ЖИ-дың автоматтандырылған шешімдерін реттеуге қатаң талаптар қояды, тұтынушыларға алгоритмдік ашықтық (algorithmic transparency) құқығын береді (European Union, 2024).

Яғни, нақтырақ айтсақ Еуропалық Одақтың GDPR (General Data Protection Regulation) деректерді қорғаудың «алдын алу моделі» (preventive model) ретінде қызмет етеді, ол алгоритмдік транспаренттілік (algorithmic transparency) және «ақылды» ЖИ (explainable AI) талаптарын енгізеді. GDPR-дің 22-бабы¹¹ автоматтандырылған шешімдер қабылдауға қатаң шектеулер қояды және тұтынушыларға алгоритмдердің логикасын түсіндіру құқығын береді, бұл тұтынушының тәуелді болмауын (consumer autonomy) күшейтеді. Бұған қатысты Voigt & von dem Bussche сияқты ғалымдар GDPR-дің ЖИ-дың автоматтандырылған шешімдерін реттеудегі рөлін талдай отырып, оның алгоритмдік жауапкершілікті (algorithmic accountability) қамтамасыз етудегі тиімділігін атап өтеді. Олар GDPR-дің «ақылды» ЖИ талаптары тұтынушылардың сенімін арттыратынын жазады, бірақ оны іске асыру кәсіпорындар үшін операциялық шығындарды арттыратынын ескертеді [4, p. 105-120].

GDPR-дің Жи-ға қатысты әсерін айтатын болсақ деректерді қорғаудың жаһандық стандарты ретінде ЖИ реттеуге ықпалы әсіресе ЕО мен Сингапурда көрініс табады.

Айтып өткендей Сингапурда ЖИ қызметін жүзеге асыру бойынша бірақатар жұмыстар жасалуда.

Сингапурда ЖИ-ды реттейтін арнайы заң жоқ, бірақ Personal Data Protection Act 2012 және Model AI Governance Framework нормативтік ретінде икемділік (regulatory agility) тәсілі әділдік (fairness) және есептілік (accountability) сияқты қағидаларын алға тартады, ол инновациялар мен

¹¹ 22 бап. Regulation (eu) 2024/1689 of the european parliament and of the council of 13 June 20247. laying down harmonised rules on artificial intelligence and amending Regulations (EC) No 300/2008, (EU) No 167/2013, (EU) No 168/2013, (EU) 2018/858, (EU) 2018/1139 and (EU) 2019/2144 and Directives 2014/90/EU, (EU) 2016/797 and (EU) 2020/1828 (Artificial Intelligence Act) // URL: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=CELEX:32024R1689> (date of reference: 27.05.2025)

реттеу дамытады деп есептейді. AI Verify (2022) және 2024 жылғы генеративті ЖИ бойынша ұсыныстар инновация мен этиканы теңестіруге бағытталған. Бір жағынан дұрыста шығар, бірақ тәсіл икемді болғанымен санкциялардың жоқтығынан тиімділікті төмендетуі мүмкін деген болжам бар [5, p. 15].

АҚШ-та федералдық және штаттық деңгейде бөлшектенген тәсіл инновацияға басымдық береді. Фрагменттік реттеу (fragmented regulation) салалық стандарттарына (industry-specific standards) бағытталған, әсіресе қаржы секторында зор әсері байқалады, бірақ бірыңғай федералдық заңдық реттеудің болмауы нормативтік белгісіздікті (regulatory uncertainty) тудырады, сол себепті бейберекет орын алуы ықтимал. Мысалы, Калифорнияның SB 1047 сияқты бастамалары қауіпсіздікке бағытталғанымен, құқықтық реттеудің бірыңғай жүйесінің болмауы ЖИ-дың этикалық тәуекелдерін арттыратынын айта кету керек [6, p. 671].

АҚШ тәжірибесін мысалға ала отырып, осы жерде түсіндіре кететін жайт бар. Жасанды интеллекті құралдарын қолдана отырып тұтынушылардың сот төрелігіне қолжетімділігін қамтамасыз ету дегенде біздің айтпақ болып отырғанымыз, соттың не судьяның орнын ЖИ ауыстырсын деп емес, соттың жүктемесін азайтуға көмек, тұтынушылардың (халықтың) тегін құқықтық көмек алуына мүмкіндік беру жағынан айтып отырмыз. Оған қатысты нәтижеде нақты ұсынысымызды айтамыз. ЖИ-мен байланысты туындайтын ескеретін маңызды мәселенің бірнешеуін талдай кетейік, содан кейін арасында АҚШ тәжірибесінен жасанды интеллектінің күрделілік жағына қатысты нақты мысал келтіреміз. Ғылыми жобаның аясында біздің жүргізген нақты зерттеулер нәтижесінде ЖИ-ға қатысты келесідей кемшін тұстарды анықтадық десе болады. Біріншіден, жасанды интеллекті құралдарын қолданған кезде машиналық оқытуды басшылыққа ала отырып жасалатын істерде жасанды интеллект моделін оқытуға қолданылған деректерге байланысты болады. Жасанды интеллектінің құқықтық көмек беру кезінде жасайтын ісі адам көрсеткен

белгілі бір алгоритімінен тұрады. Бұл жерде жасанды интеллекті өзіне бұрын енгізілмеген ақпараттарды оқи алмайды немесе таба алмайды, сондықтан ол басқа іздеу жүйесіне өтіп, құқыққа қатысы жоқ не басқа ұқсас баптарды, нормаларды, ұқсас ақпараттарды өз тарапынан қосып жіберуі мүмкін. Егер ол өз тарапынан ақпарат қосатын болса онда өрескел қателікке ұрынады және оның беретін жауабының бәрі қате болып кетеді. Яғни, жаңа, таныс емес деректерге кездескен кезде дұрыс жұмыс істемей қалуы мүмкін және оны өзі саралай алмайды. Бұл ЖИ әлсіз тұсы болып табылады. Бұған нақты мысал ретінде енді АҚШ-тағы Ұлттық Тағам Ассоциациясы (NEDA) қолданған «Tessa» атты генеративті чат-ботты келтірсек. Бұл ЖИ негізделген модель тамақтану тәртібімен айналысып, арықтаумен күресіп жүрген адамдарға көмек көрсету үшін адамдардың орнына call-орталықтан машиналық оқытылған ЖИ моделі жұмыс істеуі тиіс болды. Алайда, күнделікті адам сөйлесулерінде диета және тамақты шектеу туралы кеңестер жиі кездесіп отырған. Соның салдарынан, жүйе көмек көрсетіп, дұрыс рацион ұсынғанның орнына тамақты шектеуге шақыратын «зиянды» кеңестер ұсына бастаған. 2023 жылдың маусым айының басында, осы мәселеге байланысты NEDA өзінің ЖИ-ботын тоқтатты [7]. Мәселе, бұл жерде NEDA-ның «Tessa» чат-ботындағы қате кеңестерінің әсерін алдын ала бағалау арқылы болдырмауға болатын еді. Яғни, зерттеудің эксперименттік жағын басшылыққа алып, пилоттық режимде сынау керек болатын. Құқықтық сұрақтарға жүгінетін азаматтарға арналған ЖИ құралдары дәл осы топтардың жиі ұшырасатын оқиғалары мен жағдайларын артық қамтитын сөздерді тұжырымдауға қатысты машиналық оқытудағы алгоритмдері талданып, әбден жетілдіріліп, эксперименттен өткізіліп енгізілуі тиіс. Әйтпесе, олар үшін бұл технология зиян бреуі мүмкін - жоғарыда аталған NEDA жағдайы соған дәлел.

Сонымен қатар, машиналық оқытылған ЖИ жүйелері «галлюцинация» деп аталатын мәселеге де бейім [7]. Бұл дегеніміз жүйе тарапынан жасалған нақты емес, қате сөйлемдер немесе

тұжырымдар болғанда шығады. Мұндай қателіктердің қаупін азайтатын тәсілдер бар болғанымен, оларды толығымен жоятын әдіс жоқ. Өйткені оның негізі техникалық жетілуде жатыр. Сондықтан ЖИ құралдарын қолдана отырып зерттеп жатқан заң және сот тәжірибесімен байланысты біздің жоба осы кемшіліктердің алдын алуға бағытталған. Бұл кемшіліктер мен атаған бернешеуі ғана, ғылыми зерттеу барысында көптеген кемшін тұстарын шешуге қатысты көпген тұжырымдар жасалды.

Қытай өзінің қатаң талаптарымен танымал сондықтан, мемлекеттік-центристік моделі (state-centric model) инновацияларды қолдай отырып, қадағалау капитализмі (surveillance capitalism) элементтерін күшейтеді, мәселен, Қытайдағы 2023 жылғы генеративті ЖИ ережелері және 546 модельдің тіркелуі қатаң қадағалауды көрсетеді. Бұл дегеніміз ЖИ-дың тез енгізілуіне ықпал етеді, бірақ азаматтардың құпиялылық (data privacy), еріктілік құқықтарын шектейді, теңсіздік, этикалық мәселелер туындатуы мүмкін [8].

Әлемдік тәжірибе ЖИ-ды реттеудің тиімді моделі ретінде нормативтік-құқықтық базаны, этикалық стандарттарды және бақылау механизмдерін біріктіруді талап ететінін көрсетеді. GDPR және Сингапур моделі деректерді қорғау мен этикалық басқарудың эталондары болғанымен, АҚШ пен Қытайдың тәсілдері нормативтік белгісіздік пен құпиялылық мәселелерін ашып береді. Бұл модельдердің әрқайсысы өз контекстінде тиімді болғанымен, оларды Қазақстан сияқты дамушы елдерге бейімдеу институционалдық әлеуетті (institutional capacity) және цифрлы инфрақұрылымды (digital infrastructure) дамытуды қажет етеді.

Еліміздің заңнамасы деректерді қорғау және тұтынушылардың құқықтарын ішінара реттейді, бірақ ЖИ-дың ерекшеліктерін ескермейді. Мысалы, алгоритмдердің ашықтығы немесе ЖИ-дың кемсітушілігіне жауапкершілікті реттейтін нормалар жоқ. Kaspi.kz сияқты электронды коммерция платформалары дараландыру үшін ЖИ-ды белсенді қолданады, бірақ тұтынушылар кемсітушілік немесе деректердің жария

болу қаупі жағдайында өз құқықтарынан хабарсыз.

Сауалнама негізінде Қазақстандағы респонденттердің 68%-ы ЖИ-қосымшаларды (мысалы, дауыстық көмекшілер немесе ұсыныс жүйелері) пайдаланатынын, бірақ тек 23%-ы ЖИ-мен өзара әрекеттесу кезіндегі құқықтарын білетінін көрсетті. 57% деректер қауіпсіздігіне алаңдаса, 45% алгоритмдердің ашықтығының жоқтығын атап өтті (авторлармен зерттелген).

Негізгі сын-қатерлерге алгоритмдердің ашық еместігі, кемсітушілік қаупі (мысалы, динамикалық баға белгілеуде), деректердің жария болуы және цифрлы теңсіздік жатады. Қазақстанның ауылдық аймақтарында инфрақұрылымның әлсіздігі мен цифрлық сауаттылықтың төмендігі ЖИ-технологияларға қолжетімділікті шектейді.

Халықаралық тәжірибе ЖИ-ды тиімді реттеу заңнамалық нормаларды, этикалық стандарттарды және бақылау механизмдерін біріктіруді талап ететінін көрсетеді. GDPR деректерді қорғаудың эталоны болғанымен, оны Қазақстанда қолдану инфрақұрылым мен оқытуға айтарлықтай инвестицияларды қажет етеді. Сингапурдың ерікті этикалық принциптеріне негізделген тәсілі бастапқы кезеңде қолайлы болуы мүмкін, бірақ құқық қолдану мәселесін шешпейді. Өйткені, Қазақстанда заңнамасындағы олқылықтар тұтынушылардың құқықтық сауаттылығының төмендігімен қатар олардың осалдығын арттырады.

Kaspi.kz сияқты платформалардың кейс-стадии ЖИ-дың пайдаланушы тәжірибесін айтарлықтай жақсартады, бірақ реттеудің болмауы ашықтық пен ықтимал кемсітушілікке байланысты тәуекелдер тудыратынын көрсетеді. Мысалы, егер тұтынушылар оның логикасын түсінбесе, динамикалық баға белгілеу әділетсіз деп саналуы мүмкін. Сарапшылармен сұхбаттар тілдік және мәдени ерекшеліктерді ескеретін ұлттық ЖИ стандарттарын әзірлеу қажеттілігін атап өтті.

Цифрлы теңсіздік маңызды кедергі болып қала береді. Инфрақұрылым мен цифрлы сауаттылыққа инвестиция салынбаса, ЖИ енгізу қала мен ауыл арасындағы алшақтықты күшейтуі мүмкін.

Қорытынды

Тұтынушылардың ЖИ қолдануы өмір сүру сапасын арттыру үшін кең мүмкіндіктер ашады, бірақ құқықтардың бұзылуы, ашықтықтың болмауы және цифрлық теңсіздікке байланысты тәуекелдермен қатар жүреді. Халықаралық тәжірибе тиімді реттеу заңнамалық нормаларды, этикалық стандарттарды және білім беру бастамаларын біріктіруді қажет ететінін көрсетеді. Қазақстанда ЖИ ерекшеліктерін ескеру үшін нормативтік базаны жаңарту және тұтынушылардың құқықтары туралы хабардарлығын арттыру қажет. ЖИ жүйелерінің жауапкершілігін анықтай отырып, ЖИ әрекеттерінен туындаған зиян үшін кім жауапты болатынын нақтылау. Ұсыныстарға алгоритмдердің ашықтығына арналған ұлттық стандарттарды әзірлеу, деректерді қорғауды күшейту және цифрлық инфрақұрылымға инвестиция салу кіреді. Келесі зерттеулер халықаралық тәжірибені Қазақстан жағдайына бейімдеуге және ЖИ-жүйелерді бақылау механизмдерін әзірлеуге бағытталуы керек. Біздің жоба тұтынушылардың мүдделеріне сәйкес ЖИ-ды әділ және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін инновациялық тәсілдерді сынау платформасы бола алады.

ЖИ-ды тиімді енгізу интегративтік тәсілді (integrative approach) талап етеді, онда нормативтік-құқықтық реттеу, этикалық басқару және технологиялық инклюзия өзара байланысты жұмыс істейді. Институционалдық әлеуеттің (institutional capacity) және цифрлық инфрақұрылымның (digital infrastructure)

жеткіліксіздігі бұл модельдерді енгізуді күрделендіреді, бірақ халықаралық тәжірибе (ЕО, Сингапур) локализацияланған шешімдер әзірлеуге мүмкіндік береді. Мысалы, GDPR-дің деректерді қорғау принциптері және Сингапурдың этикалық кодекстері Қазақстанда ЖИ-дың ашықтығын және әділдігін қамтамасыз етуге негіз бола алады. Технологиялық инклюзия болса, цифрлық әділеттілікті (digital justice) және ЖИ-дың қоғамдық пайдасын кеңейтуді қолдайды.

Жоғарыдағы зерттеулерді басшылыққа ала отырып ЖИ құралдарын қолдану тұтынушылардың сот төрелігіне қолжетімділігін қамтамасыз етудің әдісі ретінде біздің ұсынатын тұжырым ҚР заңнамалары мен сот тәжірибесінің материалдарын жұртшылыққа түсінікті әрі қолжетімді ете отырып, азаматтардың заң үстемдігіне деген сенімін арттыру және қоғамдық қатысуды күшейту. Осы мақсатта машиналық оқыту негізінде ЖИ құралдарын қолдана отырып жүйеге енгізгелі отырған арнайы жоба. Ол Legalexpert.kz деп аталатын ғылыми зерттелген және сынақтан өткізілген, Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық, азаматтық құқық, әкімшілік құқық салаларын қамтып машиналық оқытумен талданған платформа. ЖИ құралдарын қолдана отырып тұтынушылардың сот төрелігіне қолжетімділігін қамтамасыз етуге қатысты ойлап тапқан платформаның негізгі ерекшелігі және ғылыми мәні туралы алдағы уақытта толығырақ талдаймыз.

Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын «Жасанды интеллект құралдарын қолдана отырып, Қазақстан Республикасы халқының сот төрелігіне қолжетімділігін қамтамасыз етудің инновациялық тәсілдері» атты BR24992826 ғылыми жоба аясында жарияланды.

Авторлардың қосқан үлесі

Амантай А. - деректерді жинауға және өңдеуге жауапты. Зерттеу әдістері туралы бөлім жазды. Авторлар мен олардың үлестері туралы ақпарат дайындады.

Нұрмағамбетов М. Н. - нәтижелер мен талқылауға жауапты. Библиографиялық дереккөздерді өңдеді және талдады. Әдебиет пен транслитерацияны ресімдеуге қатысты.

Ахпанов А.Н. - зерттеу әдістемесіне жауапты. Кіріспе мен қорытынды жазды. Статистикалық деректерге талдау жүргізді.

Әдебиеттің тізімі:

1. Сактаганова, И.С. Применение искусственного интеллекта при отправлении правосудия: перспективы и вызовы / И.С. Сактаганова, Е.В. Мицкая, А.Б. Сактаганова // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. - 2025. - №1(80). - С. 68-80.
2. Rodrigues, R. Legal and human rights issues of AI: Gaps, challenges and vulnerabilities / R. Rodrigues // Journal of Responsible Technology. - 2022. - №4. - P. 1-13. // Retrieved from <https://doi.org/10.1016/j.jrt.2020.100005> (date of reference: 07.06.2025).
3. Surden, H. Artificial Intelligence and Law. An Overview of Recent Technological Changes in Large Language Models and Law / H. Surden // Colorado Law Review. - 2025. - Volume 96. - P. 376-411. - DOI: 10.2139/ssrn.5135305. (date of reference: 07.06.2025).
4. Voigt, P., A. von dem Bussche. The EU General Data Protection Regulation (GDPR). A Practical Guide. - Springer, 2017. - P. 105-120, 145-160 // Retrieved from <https://link.springer.com/book/10.1007/978-3-319-57959-7> (date of reference: 29.04.2025).
5. Araz, T. Governance of Generative AI Open Access / T. Araz // Policy and Society. // January 2025. - Volume 44. - Issue 1. - P. 1-22 // URL: <https://doi.org/10.1093/polsoc/puaf001>
6. Barocas, S. Big Data's Disparate Impact / S. Barocas, A.D. Selbst // California Law Review. - 2016. - №104(3). - P. 671-732.
7. Artificial Intelligence and Access to Justice: Authored by: Cas Laskowski, Ch.L. Griffin Jr. S.A. Thumma. - Williamsburg, VA: NACM. - 2023. - P. 1-14. // Retrieved from <https://nacmnet.org/wp-content/uploads/AI-and-Access-to-Justice-Final-White-Paper.pdf> (date of reference: 28.06.2025).
8. Zuboff, Sh. The Age of Surveillance Capitalism. PublicAffairs. The Fight for a Human Future at the New Frontier of Power / Sh. Zuboff // - Hachette Book Group, Jan 15, 2019. - P. 305-330. // Retrieved from <https://www.publicaffairsbooks.com/titles/shoshana-zuboff/the-age-of-surveillance-capitalism/9781610395694/>

© А. Амантай¹, А.М. Нурмагамбетов¹, А.Н. Ахпанов¹, 2025

¹ Astana International University, Астана, Қазақстан
(E-mail: abdu_kaz@mail.ru; amanzhol_nur@mail.ru; ahpanov_a@mail.ru)

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНСТРУМЕНТОВ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА КАК СПОСОБ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПОТРЕБИТЕЛЯМ ДОСТУПА К ПРАВОСУДИЮ

Аннотация. Цель данного исследования — научное обоснование возможностей использования инструментов искусственного интеллекта (ИИ) для повышения доступности правосудия для потребителей, нуждающихся в юридической помощи. Актуальность темы обусловлена тем, что потребители нередко не могут эффективно защищать свои права из-за дефицита правовой информации и сложности судебных процедур. В статье рассматриваются возможности применения современных ИИ-технологий, таких как чат-боты, онлайн-консультанты и алгоритмические решения. В результате анализа выявлены основные проблемы: низкая правовая грамотность, высокая стоимость судебных издержек и географическая удалённость.

Среди преимуществ ИИ — доступность, оперативность предоставления правовой информации, снижение затрат и независимость от человеческого фактора. Вместе с тем обозначены риски, связанные с погрешностями алгоритмов, конфиденциальностью персональных данных и чрезмерным доверием к автоматизированным решениям. Рассмотрены казахстанские пилотные проекты (юридический чат-бот Минюста, виртуальный помощник «Айтеке» в приложении IPрав) и зарубежный опыт. Методология включает сравнительный анализ, интервью с экспертами и изучение статистических данных. Сделан вывод, что интеграция ИИ

в систему правовых услуг может существенно расширить доступ потребителей к правосудию, при условии технологического, нормативного и организационного сопровождения.

Ключевые слова: искусственный интеллект, правосудие, доступность, права потребителей, цифровые технологии, правовые услуги, инновации, справедливый суд, правонарушение.

© A. Amantay¹, A.M. Nurmagambetov¹, A.N. Akhpanov¹, 2025

¹Astana International University, Astana, Kazakhstan
(E-mail: abdu_kaz@mail.ru; amanzhol_nur@mail.ru; ahpanov_a@mail.ru)

USING ARTIFICIAL INTELLIGENCE TOOLS AS A METHOD TO ENSURE CONSUMERS' ACCESS TO JUSTICE

Abstract. The aim of this study is to provide a scientific rationale for the use of artificial intelligence (AI) tools to improve access to justice for consumers in need of legal assistance. The relevance of the topic lies in the fact that many consumers struggle to protect their rights effectively due to a lack of legal information and the complexity of court procedures. This article explores the potential of modern AI technologies such as chatbots, online legal advisors, and algorithmic decision-making systems. The analysis identifies major challenges: low legal literacy, high litigation costs, and geographic barriers. Advantages of AI include increased accessibility, faster legal assistance, reduced costs, and minimized reliance on human intervention. However, risks such as algorithmic errors, data privacy concerns, and overreliance on automated systems are also discussed. The paper examines pilot projects in Kazakhstan (e.g., the Ministry of Justice's legal chatbot and the virtual assistant "Aiteke" in the IPrav mobile app) alongside international best practices. The methodology includes comparative legal analysis, expert interviews, and statistical data review. The study concludes that AI integration into the legal services system significantly enhances consumers' access to justice, provided that technological infrastructure, legal regulations, and human oversight are adequately ensured.

Keywords: artificial intelligence, justice, accessibility, consumer rights, digital technologies, legal services, innovations, fair trial, legal violation.

References:

1. Saktaganova, I.S. Primenenie iskusstvennogo intellekta pri otpravlenii pravosudiya: perspektivy i vyzovy / I.S. Saktaganova, E.V. Mitskaya, A.B. Saktaganova // Vestnik instituta zakonodatelstva i pravovoi informatsii Respubliki Kazahstan. - 2025. - №1(80). - S. 68-80.
2. Rodrigues, R. Legal and human rights issues of AI: Gaps, challenges and vulnerabilities. / R. Rodrigues // Journal of Responsible Technology. - 2022. - №4. - P. 1-13. // Retrieved from <https://doi.org/10.1016/j.jrt.2020.100005> (date of reference: 07.06.2025).
3. Surden, H. Artificial Intelligence and Law. An Overview of Recent Technological Changes in Large Language Models and Law. / H. Surden // Colorado Law Review. - 2025. - Volume 96. - P. 376–411. - DOI: 10.2139/ssrn.5135305. (date of reference: 07.06.2025).
4. Voigt, P., A. von dem Bussche. The EU General Data Protection Regulation (GDPR). A Practical Guide. - Springer, 2017. - P. 105–120, 145–160 // Retrieved from <https://link.springer.com/book/10.1007/978-3-319-57959-7> (date of reference: 29.04.2025).
5. Araz, T. Governance of Generative AI Open Access. / T. Araz // Policy and Society. // January 2025. - Volume 44. - Issue 1. - P. 1–22 // Retrieved from <https://doi.org/10.1093/polsoc/puaf001>.
6. Barocas, S. Big Data's Disparate Impact. / A.D.Selbst, S.Barocas // California Law Review. - 2016. - №104(3). - P. 671–732.

7. Artificial Intelligence and Access to Justice: Authored by: Cas Laskowski, Ch.L. Griffin Jr. S.A. Thumma. – Williamsburg, VA: NACM. - 2023. - P. 1-14. // Retrieved from <https://nacmnet.org/wp-content/uploads/AI-and-Access-to-Justice-Final-White-Paper.pdf> (date of reference: 28.06.2025).

8. Zuboff Sh. The Age of Surveillance Capitalism. PublicAffairs. The Fight for a Human Future at the New Frontier of Power. / Sh. Zuboff // - Hachette Book Group, Jan 15, 2019. - P. 305–330. // Retrieved from <https://www.publicaffairsbooks.com/titles/shoshana-zuboff/the-age-of-surveillance-capitalism/9781610395694/>.

Авторлар туралы мәліметтер:

Сведения об авторах:

Information about authors:

Абдолла Амантай - хат-хабарларға арналған автор, Астана халықаралық университетінің докторанты, Қабанбай батыр даңғылы, 8, Астана, Қазақстан.

E-mail: abdu_kaz@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-1268-9702>.

Нұрмағамбетов Аманжол Мағзумович - заң ғылымдарының докторы, профессор, Астана халықаралық университетінің профессоры, Қабанбай батыр даңғылы, 8, Астана, Қазақстан.

E-mail: amanzhol_nur@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9026-9019>; Researcher ID WOS: AGV-6905-2022; Scopus Author ID: 57213152261.

Ахпанов Арыстан Нөкешұлы - заң ғылымдарының докторы, профессор, Астана халықаралық университетінің профессоры, Қабанбай батыр даңғылы, 8, Астана, Қазақстан.

E-mail: ahpanov_a@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3256-8875>; Researcher ID WOS: E-4528-2015; Scopus Author ID: 56766215300.

Амантай Абдолла - автор для корреспонденции, докторант Astana International University, проспект Кабанбай Батыра, 8, Астана, Казахстан.

E-mail: abdu_kaz@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-1268-9702>.

Нурмағамбетов Аманжол Мағзумович - доктор юридических наук, профессор, профессор Astana International University, проспект Кабанбай Батыра, 8, Астана, Казахстан.

E-mail: amanzhol_nur@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9026-9019>; Researcher ID WOS: AGV-6905-2022; Scopus Author ID: 57213152261.

Ахпанов Арстан Нөкешевич - доктор юридических наук, профессор, профессор Astana International University, проспект Кабанбай Батыра, 8, Астана, Казахстан.

E-mail: ahpanov_a@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3256-8875>; Researcher ID WOS: E-4528-2015; Scopus Author ID: 56766215300.

Abdolla Amantay - corresponding authors, doctoral student at Astana International University, Kabanbai Batyr Avenue, 8, Astana, Kazakhstan.

E-mail: abdu_kaz@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-1268-9702>.

Nurmagambetov Amanzhol Magzumovich - doctor of Law, Professor, Professor at Astana International University, Kabanbai Batyr Avenue, 8, Astana, Kazakhstan.

E-mail: amanzhol_nur@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9026-9019>; Researcher ID WOS: AGV-6905-2022; Scopus Author ID: 57213152261.

Akhpanov Arstan Nokeshevich - doctor of Legal Sciences, Professor, Professor of the Astana International University, Kabanbai Batyr Avenue, 8, Astana, Kazakhstan.

E-mail: ahpanov_a@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3256-8875>; Researcher ID WOS: E-4528-2015; Scopus Author ID: 56766215300.